

МҰХТАР ШАХАНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МӘҢГҮРТТІК МӘСЕЛЕСІ

Аннотация

М. Шаханов шығармаларындағы мәңгүрттік мәселелері қарастырылған.

Кілт сөздер: мәңгүрттік, ұлт идеясы, рухани, рухани азу, ұлттық құндылықтар, тіл мен дін.

Ключевые слова: мангуртизм, национальная идея, духовный, деморализация, национальные ценности, язык и религия.

Keywords: mangurt, national idea, spiritual, demoralization, national values, language and religion.

Мұхтар Шахановтың өз поэзиясында көптеген тақырыптарға қалам тартты. Солардың ішінде дараланып тұратын да, салмақты бөлігін құрайтын да – ел мен жердің тағдыры туралы толғамдары. Ақын ақтарыла жыр төгеді. Көбіне ақиық ақын қазақтың тілі мен ділінің болашағы жайлы ойларын өлеңге өріп айтады. Ащы ақиқат пен шыңғырған шындықты ақын өлең тілімен оқушы санасына қондырады. Мұхтар ақынды жұртшылық мәңгүрттік дертін емдеуге барын салып жүрген шипагер-ақын ретінде таниды. Бабалардан аманат боп жеткен тіл мен діннің, діл мен рухтың жалауы желбіремей, атаусыз қалған жағдайларда ақын өлеңі көптің қажыр-қайратын қамшылайтын құбылыс боп шығады. Бодандықта қалған ел өзінің баптапқы қалпы мен салтын ұмыта бастайды немесе жеріне бастайды екен. Асылында, оның бәрі де жоспарлы түрде жүргізілетін солақай саясаттың «жемісі» екенін саналы адам айыра алады. 300 жылдық бодандық батпағында қалған кезінде қазақ халқының да санасына орысшылдықтың дәні себіліп, танымына мәңгүрттік көшеті егілді. Оған қарт тарих куә. Әсіресе 70 жылдық отарлаушылық саясат қазақ халқының тарихында қасіретті де қанды ізін қалдырды. Орыстар, орыс шовинистері аңсаған арманы мен көздеген межесіне жетті. Қазақтың, көк түріктің өр ұрпағының ғасырлар бойы қалыптасқан батырлық, батылдық қасиетіне жарықшақ түсіп, рухсыздану үдерісін бастан өткерді. Заманалар көшімен бірге жинаған өзіндік ерекшеліктері, ұлттық генофонды өзгеріске ұшырап, тарихы мен дәстүрі, руханияты адам айтқысыз қиянатқа ұшырады. Халқымыздың рухы әлсіреп ұлттық құндылықтарымызды қорғамақ тұрмақ, өзіміздің қандастарымыз яғни қазақтар тілімізге тас лақтыра бастады. Сөйтіп, «құлан өз қағынан жеріді». Осы жағдай ұлт үшін туылған Мұхтар Шахановты бей жай қалдырмады. Ол – «Рух философиясын жоғары қою азамат мүддесіне сай екенін» тамаша дәлелдеп шыққан және Рух болмысын көтерген өзгеше ақын.

Ақынның қазіргі кездегі шығармашылығында «ұлтсыздану», «мәңгүрттік», «рухсыздық», «қос тілділік пен космополиттік» және нарықтық қатынастар мен капиталистік құрылымдардың қазақ халқының ұлттық болмысына қасірет әкелген жылдары нақты баяндалады. Оның осы уақытқа сәйкес туындаған өлеңдерінде жоғарыдағыдай саяси-әлеуметтік сарындардың жалпылама сипатталатыны да байқалады. Ақын өзі айтып отырған ойларына «уақыт пен заманды» куәлікке тартып қана қоймай, тікелей осы концептіде адамдарды айыптайды. Адамдардың соңғы кезеңдердегі жағымсыз қылықтары мен осы тараптағы әс-әрекеттеріне көңілі толмайтын ақын «бөдене, егеуқұйрық, ТЖ, ергежейлі» деп жалпы айтады да, бұларға барлық табиғи да, адами биіктерді қарсы қойып, жекелеген мінездер мен қоғамдық келеңсіздіктерді қатты

әшкерелейді. Және осы арқылы қоғамның, уақыт пен кеңістіктің бет-бейнесін ашып кеп, тарихи тұлғалардың жақсы-жаман образдарын бейнелеген.

Ақынның «Қасымды қабылдамаған ақын хақында» деп аталатын ертеректе жазылған өлеңінде біз сөз еткен барлық жағдайды түйіндейтіндей жайттар бар.

Өлеңнің мазмұны: қарт адам жол тосып тұрады. Жеңіл машина тоқтайды да, қарияның халін ұққан жас жігіт жолаушының барар жері шалғай болса да, оны жеткізіп салмақ болады. Жолдағы екеуара әңгіме. Албырт бала Қасымның өлеңдерін жатқа соғады. Ал әлгі жолаушы, ақсақал бола тұрып, ертеректе әкім болып тұрғанында алдына ақынның пәтер сұрап талай келгенін, алайда, қабылдамағанын айтып қалады. Ашуланған жас жігіт оны жолға тастап кетеді.

Өлең:

Төбелер көп өмірде, ал биіктер санаулы,
Ұнатады ел сондықтан биікке көп қарауды.
Шымшықтар көп өмірде, ал сұңқарлар санаулы,
Санаулы олар, сондықтан жалпы жұртқа қалаулы.

Қарсы қойма оларға мансабыңның мінбесін.
Келер албырт ұрпақтың жігіттері сені де
Орта жолға жеткенде тастап кетіп жүрмесін! [1;128], -

дейтін жолдармен аяқталады. Мұнда шын биікті «мансабының мінбесімен» аласартқан «шымшық» шалды «орта жолға тастап кеткен албырт ұрпақты» айыптауға қақың жоқтай. Ақын поэзиясындағы шындықты, тіптен философияны бүгінгі оқырман тағы да түсінгісі келсе, осы өлеңді қайталап оқу артықтық етпейді. Өйткені, ештеңе жоқтан бар болмаған: кеше, бүгін, болашақ өзара жалғасып жатқан уақыттар тізбегі ғана емес, бір-біріне жарығын да, көлеңкесін де түсіретін поэзиялық ұлы тұтастық.

Мәгүрттенгеніміздің тағы бір белгісі «Үш тұғырлы тіл» туралы өлеңінде:

Міне, мынау дәл қазіргі рухсыздану өрісі:
Биліктегі қазақтардың жарымынан көбісі
Ұлтын, тілін менсінбейтін мәңгүрттерден құралған,
Енді олардан ұлтты қорғау – бәрімізге ұлы арман.
«Үш тұғырлы тіл» қоғамға тосын әрі қасаңдау,
Мемлекеттік тілге зорлап екі тілді қосарлау,
Нәрестеге бірден үш тіл үйретпек боп шошандау
Оның ана тілге деген махаббатын асарлау
Және педагогтік оғаш қателіктен қаша алмау.
Жапондарда әр жас буын он екіге келгенше
Ана тілде тәлім алар, ана рухы жеңгенше.
Сонан кейін тіпті жүз тіл меңгерсең де өз еркің,
Қашан туады екен бізге ана парқын сезер күн? [2;266]

Бүгінде үш тұғырлы тілді қолдайтындар да көп, олардың ойы тек көп тіл меңгеріп биікке өрлеу. Ал бұл солақай саясаттың астарына үңіліп жатқан адам жоқ. Егер бала жастайынан үш тіл меңгеретін болса, оның ана тіліне деген махаббаты сөніп басқа ұлттың азаматы болары анық. Біздің бұл әрекетіміз ашықтан-ашық болашағымызға балта шапқандық болады.

Қазіргі байлардың көбі балаларын көп тілді мектепте оқытқысы келеді, олардың ойы «балам ертең үлкен азамат болады, шет елдерге шығады» т.б.

Ал бұл космополиттерді өз қолымызбен жасау болып табылады.

Мұхтар Шаханов қазіргі қазақтарды төрт топқа бөледі. Оны «Құлдық сана зардабы немесе төртке бөлінген қазақтар» өлеңінен байқауға болады.

Сорлы ұлтымыз жаралғандай азап пенен мазақтан....

Қазір елде төрт бағытта дамып жатқан қазақ бар:
Бірінші топ – тілін, рухын, салт-дәстүрін сақтаған,
Яғни ұлттық құндылықты жан-тәнімен жақтаған,
Үш жүз жылдық құлдық сана арнасымен ақпаған,
Сол үшін де қоғамынан құрмет, қолдау таппаған.
Ұлттық және гуманистік ойлары үшін өрелі,
Билік оны «халық жауы» деңгейінде көреді. [2;271]

Қазіргі мәңгірттенген кезеңде ұлттың жанашыры болып жүрген, тілді қорғағандарды, қорғағанды қолдағандарды «ұлтшылдар» дейтін болды. «Тілім, ұлтым, салт-дәстүрім» деп жүрген азаматтарды көрсек, қылмыскер көргендей үрейленетін халге жеттік. Көзіміз ашық болғанымен, жүректегі көзіміздің әлі де соқыр екендігінің дәлелі осы. Керісінше, ұлттық құндылықтардан, ақшаны, лауазымды, мансапты жоғары қоятындарды көрсек «нағыз азамат» дейтін болдық, бұл да құлдық сананың зардаптары.

Екінші топ – жұлдызды топ маңдайына бақ қонған,
Орыстану ғасырының сеніміне тап болған.
Туған баба – туған тілі сәл өгейлеу, жат болған,
Ылғи билік қолдауында тақымына ат қонған.
Әсіресе егемендік алған жылдар ішінде,
Ұлтқа деген бойкүйездік тұрды шырқау күшінде.
Қызметі өсіп, ой-санасын баурап мұңсыз «ғажап күн»,
Бағы жанды тілін, рухын менсінбейтін қазақтың.
Осы адасу аясында бұл топ ұлттан шеттеген,
Бірақ түгел тексізденіп, қансызданып кетпеген.
Егер шындап ұлтты сақтау іс-жоспары құрылса,
Және билік бұл шараға көз бояусыз бұрылса
Тілге деген үміт, сенім қатар орнап жанарға
Байырғы ұлттық арнасына бұрылмақшы олар да. [2;271].

Ақынның өзі айтпақшы бұл топ ортадағы топ яғни, екі жаққа да ауытқып жүргендер. Мемлекет қайсысын қолдаса соны қолдайды. Ал бұл топ айтарлықтай ұлтқа қауіп төндірмейді. Егер осы топты ұлтын сүйуге, тілін құрметтеуге шақырып үгіттемейтін болсақ, бұлардың да толық мәңгіртке айналып кетуінің ауылы алыс емес.

Үшінші топ – мүлде ана тілсіз өсіп өнгендер,
Баба рухын алты қырдың аржағына көмгендер.
Космополит. Тағдыр парқын тамырсыздық жеңгендер,
Бірден «әлем азаматы» боларына сенгендер.
«Қазақстандық ұлт» та осы рухсыздар өрнегі
Бұл идея іске асса егер ұлтымыздың өлгені.
Иә, олардың жан сарайы қаланған соң жат қолдан,
Қазақтығы тек түрі мен есімінде сақталған.
Сондықтан да ұлт пен тілге сенім, көңіл хошы жоқ
Қазақ тілі жойылса егер той жасайтын осы топ [2;272].

Бұл топ жоғарыда айтып кеткен топ. Бұлар қазақтың рухани құндылықтарына аса қауіпті топ болып табылады. Бұл топтың беделі артып тұр дәл қазіргі жаһандану кезеңінде. Түрі мен есімінде ғана қазақтығы байқалады, ал ішкі жан дүниесімен өзге тілді қолдайтын космополит қазақтар осылар.

Төртінші топ – қауіпті топ, бұрын мүлде болмаған,
Қажет кезде өз тілінде мүдіріссіз сарнаған.
Секілденіп көрінгенмен ұлтын, тілін қорғаған,
Қандастары екі жүзді мінезінен сорлаған.
Зор көрші елге ұнау үшін ұлтын тастап табанға,
Бұл топ туған тілін тұсап, барды өрескел қадамға.
Бір шындық бар егер адам сыйламаса өз тілін,

Өз анасын шетке қақса, өгей етсе өз ділін,
Оның басқа ұлт, басқа ананы сыйлайтыны өтірік,
Ол жаңғырық заңын ешкім өте алмайды секіріп...
Ана тілі құнсызданып, тек алға өрлеп бас қамы,
Орыстанды халқымыздың жарымынан астамы.
Барлық ұлтқа құрмет, сенім – әр адамның төл ісі,
Шын орыстық гуманизм – мазмұнды ұрпақ өрісі.
Ал бірақ та орыстану – құлдық сана жемісі,
Бізді мәңгірт етпек болған империя жеңісі...
Бұл топ бейім мейірімді етіп көрсетуге кіл өзін,
Пайдаланып қазақтың кең, көнбіс, көпшіл мінезін.
Материалды байлық па еді баба арманның бар құны?
Елді аздырды ұлтсыздық, намыссыздық салқыны...
Сөйтіп олар жаһандану қамқоры боп шалқыды,
Ұлтын, тілін басқаларға жығып беру арқылы. [2;272-273]

Соңғы топ – нағыз мәңгірттенген топ. Бұлар мүлде тілін, ділін ұмытқандар. Өздерін қазақ деп те санамайды. Тіліміздің дәрежесінің жоғарылауына тосқауыл болып отырғандар да осылар. Тек қарын мүддесі үшін жұмыс істейтіндер. Ал ұлт, тіл мәселесіне келгенде қолынан келгенше оған қарсы шығу, оны табанға салып таптау өмірдегі алға қойған мақсаттары. Бұл топтың ұлтымыз үшін тигізетін зияны өте зор.

Мұхтар Шахановтың рухсыздық тақырыбына жазылған тағы бір шығармасы: «Тамырсыздану қаупінің тұжырымдамасы» өлеңі.

«Өз табиғатында адам баласының жалқыдан жалпыға қарай жол алатыны, жеке бір адамды сүю арқылы әлемдегі басқа аналардың туған перзентіне деген сатылмайтын сенімі мен махаббатын бағалауға мүмкіндік табатынын ғаламдық өркениет рухани кеңістікте де, ғылыми тұрғыдан да сан рет дәлелденген [3;2].

Қазіргі таңда жаһандану үдерісі бірыңғай материалдық игіліктерге бет бұрғандықтан, көптеген елдерде жастар қауымының едәуір бөлігі өз ұлтының тіліне, ғасырлар бойына жинақталған төл мәдениетіне терең тамыр жіберуі былай тұрсын, оған ашықтан-ашық мұрын шүйіре бастады. Бірақ әр ұлттың ең басты анасы - туған тілі екенін ескерсек, өз анасының тілін, рухани мәдениетін менсінбеу мен мойындамаудың, әрі оны қазіргі ғасыр талабына сай әлемдік руханиятпен ұштастыра қарай алмаудың үлкен қасіреті болатынын және бұл үдерістің адамаралық бірлік пен татулыққа көлеңкесі түспей тұрмайтынын Мұхтар Шахановтың поэзиялық тұжырымы айқын аңғартады.

ӘДЕБИЕТ

1 Шаханов М. Дара талғам қасіреті: Поэмалар, өлеңдер, балладалар, әндер.- Алматы: Рарирет, 2007.-264 б.

2 Мұхтар Шахановтың жұрт жатқа айтып жүрген жырлары: Өлеңдер, балладалар, поэмалар, әндер. Алматы: Жалын, 2011.-360 б.

3 Ғалам мойындаған шындық: М. Шахановтың «Тамырсыздану қаупінің тұжырымдамасы» туралы ғылыми дәйектеме // Президент және халық.- 2006. -17 наурыз. №11. -2 б.

REFERENCES

1 Shahanov M. Dara talgam qasireti: Poemalar, oleңder, balladalar, әnder.- Almaty: Rariret, 2007.-264 b.

2 Mұhtar Shahanovtyң zhyrt zhatқа ajtyp zhyrgen zhyrlary: Өleңder, balladalar, poemalar, әnder. Almaty: Zhalyn, 2011.-360 b.

3 Ғалам мойындаған шындук: М. Шахановтың «Ғапырсыздану қауірінің тұзһуғымдамасы» туралы ғылыми дәжектеме // Президент және һалук.- 2006. -17 наурыз. №11. -2 б.

Резюме

Автор в статье рассматривает проблему мангуртизма в поэзии М.Шаханова.

Summary

An author in the article examines the problem of mangurt in the poetry of M.Shakhanov.

02.02.2013 ж. түсті